

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАРЫ ҚҰРАМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН  
РЕЙТИНГТІК БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

**1. Белгілеулер мен қысқартулар**

Осы ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

ОПҚ - профессор-оқытушылар құрамы;

СБӨ- Сапа бойынша басшылық өкілі;

СЖМжМБ –Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөлімі;

ҒЗЖ – Ғылыми зерттеу жұмысы;

ОӘЖ – оқу-әдістемелік жұмысы;

ТЖ – тәрбие жұмысы;

Р – регламент;

ЖТ - жұмыс тобы.

**2. Жауапкершілік пен өкілеттілік**

2.1 Осы ережені ОҚМПУ ректоры бекітеді.

2.2 Ережені енгізуге сапа бойынша басшылық өкілі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері жауапты.

2.3 Осы ережедегі өзгерістерді дер кезінде енгізу мен даярлану сапасына СЖМжМБ бөлімі жауапты.

2.4 Ережені тіркеу мен басқаруға ОҚМПУ сапа қызметі жауапты.

2.5 Ережеге өзгерістерді «Өзгерістерді тіркеу парағына» міндетті түрде белгі жасай отырып СЖМжМБ жетекшісі енгізеді.

**3 Процестің сипаттамасы**

**3.1 Жалпы ережелер**

ОПҚ, факультет декандар мен кафедралар қызметін рейтингтік бағалау әрекетінің алгоритмі келтірілген.

**3.1.1 Рейтингтік бағалаудың негізгі міндеттері:**

- «ОҚМПУ оқытушы-профессорларының қызметін бағалау рейтингін анықтау көрсеткіштері» деп аталатын құжатта оқытушы-профессорлардың қызметтерін бағалау рейтингтерін анықтау үшін ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша 16 түрлі көрсеткіштерде қаралады;

- оқу-әдістемелік жұмыстары 11 түрлі көрсеткіштерде қарастырылады;

- қоғамдық және тәрбие жұмыстары бойынша 8 түрлі көрсеткіштерге сәйкес бағалау ұпайлары анықталып бекітілді;

- рейтинг анықтау жұмысын автоматтандыру мақсатында арнайы базалық бағдарламада жұмыс жасалды;

- базаға университеттің факультеттері, кафедралары, оқытушы-профессорлары жайлы анықтамалық мәліметтер енгізіледі, кейіннен әр оқытушының рейтингін анықтауға қажетті сандық мәліметтер енгізіледі;

- базадағы мәліметтердің оқытушы-профессорлардың дәлелді құжаттарымен сәйкестігін тексеру жұмыстары жүргізіледі;

- аталған жұмыстардың нәтижесінде оқытушы-профессорлардың қызметтерін бағалау рейтингтері анықталады;
- рейтинг көрсеткіштері жайлы университет, факультет және кафедра бойынша нәтижелік есептер алынады;
- «ОҚМПУ үздік оқытушысын», «ОҚМПУ үздік кафедрасын», «ОҚМПУ үздік факультетін» анықталады.

### **ОПҚ, факультеттер мен кафедралар рейтингтік бағалауды ұйымдастыру мен жүргізу**

3.2.1 ОПҚ, кафедралар мен факультеттердің қызметін рейтингтік бағалау оқу жылы бойынша жүргізіледі.

3.2.2 Әр айдың 20-25 аралығында ОПҚ сәйкестікте Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөлімі (СЖМЖМБ) дәлелдеуші құжаттарымен бірге ОПҚ-ның Ғылыми зерттеу жұмысы (ҒЗЖ), оқу әдістемелік жұмысы (ОӘЖ) , ОПҚ-ның тәрбие жұмыстары (ТЖ) көрсеткіштері бойынша мәліметтерді ұсынады.

3.2.3 СЖМЖМБ қызметкерлері ОПҚ жеке мәліметтерін электронды базасына енгізеді.

3.2.4 29 тамызға дейін электронды базада әрбір оқытушының рейтингісі өткен оқу жылы ішінде жинаған балл жиынтығы бойынша есептеледі. ОПҚ жеке мәліметтерінің нақтылығына СЖМЖМБ қызметкерлері жауапты.

3.2.5 ОПҚ қызметін рейтингтік бағалау оқытушылардың төрт біліктілік санаты бойынша жүргізіледі: профессор, доцент, аға оқытушы және оқытушы.

3.2.6 ОПҚ қызметі нәтижелерін білдіретін дербес мәліметтер базасы рейтингтік көрсеткіштерді есептеу, байқау құжаттарын, университеттің құрылымдық бөлімдері аралық есептерін даярлау, статистикалық мәліметтерді бақылау үшін негізгі құжат болып табылады.

3.2.7 Рейтингтің қорытынды мәні ҒЗЖ, ОӘЖ, ТЖ көрсеткіштерінің балл жиынтығының қосындысы үлестік коэффициентіне көбейтіліп анықталады.

Үлестік коэффициентті университет басшылығы бекітеді.

3.2.8 Айлық жалақыға үстемеақы ОПҚ рейтингісіне байланысты 5 санат бойынша орнатылады:

- 1) Жоғары санат 601 ұпай және одан жоғары;
- 2) 1 санат 451- 600 ұпай арасындағы;
- 3) 2 санат 301-450 ұпай арасындағы;
- 4) 3 санат 151-300 ұпай арасындағы;
- 5) 4 санат 50-150 ұпай арасындағы;

Санаттар бойынша үстемеақы мөлшерін университеттің басшылығы бекіткен байқау комиссиясы анықтайды.

3.2.9 ОПҚ рейтингі жөніндегі ақпарат кафедра меңгерушілеріне беріледі.

3.2.10 ОПҚ дербес мәліметтері базасы негізінде кафедра қызметін рейтингтік бағалау көрсеткіштері қалыптасады.

3.2.11 Кафедралар рейтингі сәйкестікте кафедра көрсеткіші жиынтығы ретінде анықталады.

3.2.12 Факультет декандарының рейтингі оның барлық құрылымы қызметін сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығымен анықталады.

3.2.13 Кешенді талдауды СЖМЖМБ жүргізеді, оған келесі функцияларды орындау жүктеледі:

- межелерді, талаптарды, кешенді талдау әдістемесі мен құралдарын даярлауға байланысты іс-әрекетті ұйымдастыру және үйлестіру;
- декандар, кафедралар мен оқытушылар рейтингілері мен мәліметтер базасын қалыптастыру;
- университет басшылығы үшін статистикалық ақпараттарды даярлау;
- электронды база негізінде рейтингілік көрсеткіштерді есептеуді бағдарламалық қамсыздандыруды қалыптастыру.

3.2.14 Оқытушылар мен құрылымдық бөлімдер қызметін рейтингілік бағалау қорытындыларын байқау комиссиясы шығарады, оны ректор бұйрығымен жыл сайын тағайындайды. Байқау комиссиясы мәжілісі 1-3 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Рейтингілік бағалау нәтижелері бойынша байқау комиссиясы «ОҚМПУ үздік 10 оқытушысын», «ОҚМПУ үздік кафедрасын», «ОҚМПУ үздік факультетін» анықтайды.

ОПҚ қызметін рейтингілік бағалау нәтижелері бойынша келесі басқару шешімдері қабылданады:

- байқауда, сұрыптауда рейтингті ескеру;
- рейтингі шамасына байланысты санат бойынша айлық жалақыны саралау;
- университет тарапынан «ЖОО үздік оқытушысы» республикалық байқауына қатысуға ұсыну.